

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау институты
Педагогика және басқару теориясы кафедрасы**

**Бекітемін
Академия бастығының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі
З.С.Тоқыбаев**

2016 жылғы «__» _____

Пән бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

**ZhTP 2109 «Жеке тұлғаның психологиясы»
5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша**

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 2
семестр: 3
кредит саны: 2
дәріс: 4
семинар: 7
Тәжірибелік сабақтар: 19
КООЖ: 15
КӨЖ: 45
Емтихан: 3 семестр

Қарағанды 2016

«Жеке тұлғаның психологиясы» пәні бойынша 5В030300 «Құқық қорғау қызметі» бакалавриат мамандығына арналған жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырғандар:

Рахметуллаев Алдаберген Балтабайұлы
Педагогика және басқару теориясы кафедрасының
аға оқытушысы, з.ғ.м.
полиция майоры.

Пәннің жұмыстық оқу бағдарламасы Педагогика және басқару теориясы кафедрасының мәжілісінде қарастырылды. 2016 жылғы «__» _____ №__ хаттама

**Педагогика және басқару теориясы
кафедрасының бастығы, п.ғ.к., доцент
полиция полковнигі**

Е.Т.Түсіпбеков

ОӘК мәжілісінде бекітілді 2016 жылғы «__» _____ №__ хаттама

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
2016 ж.

3.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	«5В030300 - құқық қорғау қызметі»- мамандығы бойынша
2. Курс, семестр	2 курс 3 семестр
3. Пән циклы	Әлеуметті гуманитарлық
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	Дәріс залы, оқу аудиториясы
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Рахметуллаев Алдаберген Балтабайұлы, аға оқытушы, з.ғ.м., полиция майоры. Қызметтік байланыс телефоны – 3-95
7.Сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Рахметуллаев Алдаберген Балтабайұлы, аға оқытушы, з.ғ.м.полиция майоры. Қызметтік байланыс телефоны – 3-95. Қожасова.Алтынай Балтыққызы,оқытушы. полиция капитаны. Қызметтік байланыс телефоны – 3-95.

3.2. Пререквизиттер:

Осы пәнді меңгеру болашақтағы ПО қызметкерлерінің қызметін басқаруда әдістерді қолданудағы Тәжірибеліклік дағдыларын берумен байланысты, жеке тұлға психологиясын адамзат әрекетінің бір саласы ретінде қарауға мүмкіндік береді.

3.3. Постреквизиттер:

Пән бойынша алынған білім келесі пәндерді оқытқанда қолданылады: психология негіздері, философия, педагогика, социология.

3.4 Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Пәннің мақсаты мен тапсырмалары: оқушылардың білім негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны қалыптастырудың психолого-педагогикалық заңдылықтары туралы курсанттардың білімдерін кеңейту және тереңдету, жеке тұлға ролі туралы ұғымын және жеке тұлғалық өздік дамуын қалыптастыру.

Осы пән бойынша сабақтарда курсанттар құқықты қорғау қызметіндегі теориялық және әдістемелік мәселерді қарастырады. Аса назар құқықты қорғау органдарыны қызметкерлері жеке тұлғасына басқару субъектісі ретінде қарауға аударылады.

«Жеке тұлғаның психологиясы» пәннің меңгеру нәтижесінде курсанттар ПО қызметінде психологиялық-педагогикалық білімді қолданудың Тәжірибеліклік дағдыларын алады.

Курстың негізгі тапсырмалары «Жеке тұлға психологиясы» ғылым ретінде және сонымен қатар адамды басқару саласы ретінде түсіндіріледі. «Жеке тұлғаның психологиясы» бұзылыссыз табиғи, қоғамдық және жеке бірігудегі адамның дамуына әсер ету әдісін таниды және жетілдіреді. Сондықтан психологиялық оқулар, теориялар, модельдер, болжаулар және ұсыныстар дамушы адам туралы білімде үштенеді; ол философиямен, педагогикамен, тарихпен және әлеуметтанумен және адам туралы басқа ғылымдармен «алынады».

Бұл пән әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклының құрамды бөлігі және курсанттардың жедел-қылмыстық мамандықтарды оқуына арналған. Қазақстан Республикасының суверенитеті жағдайында психологиялық-педагогикалық білімінің мазмұны елеулі өзгеріске түсуде. Оқу пәндерінің барлық түрлеріне қоғам өмірінің әлеуметтік-саяси және мәдени жаңа жағдайларымен шарттанған арнайы талаптар қойылады.

Пәннен курсант біледі:

- Пәннің мәнін, мақсаты мен тапсырмаларын;
- Жеке тұлға процесстерінің қалыптасу мазмұнын және заңдылықтары мен мәнін;
- Психологиялық-педагогикалық әдістерді қолданудағы Тәжірибелік дағдылар мен ұйымдастыру формалары жөнінде;
- Психологиялық ғылым мен тәжірибелік қазіргі жетістіктерін.

№	Жұмыс түрлері	Тапсырның мақсаты мен мазмұны	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны(рейтинг-бағамға сәйкес)	Балл (рейтинг-бағамға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	Семинарлық немесе Тәжірибелік сабақтағы ауызша жауап	Семинар және Тәжірибелік сабақтардың жоспарымен сәйкес	Семинар және КООЖ жоспарымен сәйкес әдебиеттерді қолдану	Семинар және оқу жоспарымен сәйкес пәнді оқыту кезіндегі	Әр семинарлық және Тәжірибелік сабақтың тақырыбы, ауызша жауап бойынша 100 баллға дейін	Ағымды бақылау (ауызша жауап семинар немесе Тәжірибелік сабақтағы жұмысымен бағаланады)	Семинар да немесе Тәжірибелік сабақ кестесімен және оқу жоспарына сәйкес.
2	Ауызша жауап, КООЖ баяндамасымен	КООЖ сабақ жоспарларымен сәйкес	КООЖ дайындығын а ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Оқу жылындағы және сабақ кестесімен сәйкес пәнді оқу кезінде	Әр семинарлық және Тәжірибелік сабақтың тақырыбы, баяндама, ауызша жауап бойынша 100 баллға дейін	Аралық бақылау (ауызша жауап, баяндама, реферат бағаланады) және КООЖ жұмысындағы	КООЖ сабақ кестесімен және оқу жоспарымен сәйкес
3	Жазбаша жұмысқа дайындық	КООЖ сабақ жоспарларымен сәйкес	КООЖ дайындығын а ұсынылатын әдебиеттерді қолдану	Семинар және оқу жоспарымен сәйкес пәнді оқыту кезіндегі	Қорытынды, жасалған жазба жұмыстарын қорғау бойынша 100 баллға дейін.	Аралық бақылау (Қорытынды, жасалған жазба жұмыстарын қорғау бойынша ауызша	КООЖ сабақ кестесімен және оқу жоспарымен сәйкес

					Қорғау ауызша жүргізіледі.	қорғалады)	
--	--	--	--	--	----------------------------------	------------	--

3.6 Курс саясаты

Сабақты босату міндетті түрде курсантпен бір апта ішінде өтелуі тиіс. Оқу семестрі бойынша екі рет 7 және 14 аптада рубжді бақылау жүргізіледі. Емтиханға жіберілу үшін жазбалардың болуы (барлық тақырыптар) дәптерде (дәрістік сабақтар, КӨЖ және нормативті құқықтық актілердің конспектілері).

Тапсырмаларды орындағанда курсант болдырмауы тиіс:

- плагиатпен айналысуы;
- ол үшін өзгелерге жұмысты орындатуы;
- жұмысты орнатылмаған мерзімде тапсыруы;

Курсанттардың міндеттері (ұсынылған тізім):

1. Сабаққа кешікпеу;
2. Сабақ кезінде сөйлеспеуі, ұялы телефонын өшіруі;
3. Сабақты босатпауы, босатқан жағдайда ауырғандығы туралы анықтама тапсыруы;
4. Қатыспаған сабақтарын орнатылған мерзімде өтеуі;
5. Тапсырмаларды орындамаған жағдайда қорытынды бағасы төмендетіледі;
7. Оқу процессіне белсенді қатысуы;
8. Үй тапсырмасын талпына орындауы;
9. Курстастары мен оқытушыларға төзімді, ашық және жақсы қарауы;
10. Барлық сабақтарда конструктивті кері байланысты ұстануы;
11. Міндетті және уақтылы болуы;
12. Себепсіз сабақтарды босатпауы.

Академиядағы жүріс-тұрыс және этика саясаты ЖОО ішкі тәртібі ережелерімен негізделген, полиция этикалық кодексінде, дәлірек айтқанда:

- оқытушыларымен, қызметкерлермен және жолдастарымен жақсы қарым-қатынаста болу;
- академияның, институттың, факультеттің, кафедраның, курстың барлық тәрбиелік шараларына қатысу;
- академия мәдениетін ұстану;
- корпустар мен аудиторияларда тазалықты сақтау.

3.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№№ р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Алматы, 1995ж.
2.	Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».	17 Қаңтар 2014, Астана
2. Негізгі әдебиеттер		
3.	Аймауытов Ж. Психология	А., 1995
4.	Алдамұратов Ә. Қызықты психология.	А., 1992
5.	Атлас по психологии. / Под ред. М.В. Гамезо, И.А. Домашенко. -	М., 1986
6.	Алдамұратов Ә. Жалпы психология	Алматы., 1996
7.	Жұмасова К. Психология	Астана., 2010
8.	Дьюи Д. Психология и педагогика мышления.	СПб., 2000
9.	В.В.Богословский, А.Г.Ковалев т.б. редакциясымен.	А., 1980
10.	Жарықбаев Қ. Психология.	А., 1993.
11.	Жарықбаев Қ.Б. Жан тану негіздері	Алматы.,2002.
12.	Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі	А., 1995
13.	Жұмабаев М. Педагогика	А., 1992
14.	Зинченко Т.П.Память в экспериментальной о когнитивной психологии	СП.,2002
15.	Итбаев Н.И. Жалпы психология..	Ақмола, 1992
16.	Изард К. Психология эмоций (перевод с английского).	СПб., 2000
17	Крайг Г. Психология развития (перевод с английского).	СПб., 2000
18	Краткий психологический словарь/Сост. Л.А. Карпенко; Под общ. Ред. А.В.	М., 1985
19	Петровского, М.Г. Ярошевского.Крутецкий В.А. Психология.	М., 1986
20	Колесников В.Н. Лекции по психологии индивидуальности.	М., 1996
21	Коломинский Я.Я. Человек: психология.	М., 1986
22	Құдайқұлов М.Ә. Қабілеттілік, дағды, шеберлік.	М.,1995
23	Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики.	А., 1986
24	Лурия А.Р. Эволюционное введение в психологию. -	М., 1981
25	Леонтьев А.А. Психология общения.	М., 1975
26	Ломов Б.Ф. Проблема общения в психологии.	Тарту: ТУ,1974
27	Мирза Н.В.,Румянцева Л.Е. Основы профессионально- педагогического общения.	М.,1981
28	Немов Р.С. Психология. СС в 3-х томах.	Караганда, 2003
29	Сәбет Бап-Баба Жалпы психология	Т. 1. - М., 1995
30	Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология человека.	Алматы., 2003
31	Столяренко И.С. Психология управления и делового общения	М., 1995
32	Тәжібаев Т. Психология.	СП.,2001
33	Темірбеков А. , Балаубаев С.П. Психология	А., 1996
3. Қосымша әдебиеттер		
34	Квинн В. Прикладная психология.	СПБ., 2000
35	Стефаненко Т.Г. Этнопсихология.	М., 2000,
36	Петровский А.В. Введение в психологию.	М.,1995
37	Хрестоматия по ощущению и восприятию./ Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер.	М.,1975,
38	Петровский А.В. Роль фантазии в развитии личности.	М.«Знание».,2000
39	Дудецкий А.Я. Теоретические вопросы воображения и творчества. Немов Р.С.	Смоленск,1990
40	https://ru.wikipedia.org/wiki	
41	http://kgau.ru/distance/mf_01/ped-asp/01_01.html	
42	http://www.koob.ru/pedagogics/	
43	http://kpip.kbsu.ru/ps/glava10.html	
44	http://mirsovetov.ru/a/psychology/psychologic-trick/index-all.html	
	http://test.msk.ru/menu/psihologiya.htm	

3.8. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

№ P/c	Тақырып нөмірі	Тақырып атауы	Кредитте р саны (сағат)	Аудитор иялық сағат	КОӨЖ		КӨЖ		
					Д э р і с	Се ми на рл ық са ба қ	Тәжір ибелі к сабақ		
1	T1	Психология ғылым ретінде.		10	1	1	1	1	6
2	T2	Психологиядағы жеке тұлға теориясы		12		1	3	2	6
3	T3	Жеке тұлға типологиясы, индивид құрамында қалыптастыру.		15	1	1	3	3	7
4	T4	Жеке тұлға және ұжым		13	1	1	3	2	6
5	T5	Темперамент туралы классикалық оқыту		14		1	3	3	7
6	T6	Жеке тұлғаның психологиялық тұрақтылығы.		12		1	3	2	6
7	T7	ПО қызметкерлері жеке тұлғасының психологиялық негіздері		14	1	1	3	2	7
		Барлығы		90	4	7	19	15	45

3.9. Сабақ жоспары:

ТАҚЫРЫП 1	Психология ғылым ретінде
------------------	---------------------------------

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Психология ғылым ретінде.
2. Психология пәні және тапсырмалары.
3. Психология әдістері

Дәріс тезистері

Психология ерте замандардан келе жатқан білім салаларының бірі. (Аристотель - грек философы) жан туралы ғылыми еңбек жазған. Психика – (сана) – дегеніміз – діннің даму сатысында жоғары дәрежеге жеткен материяның сипаты. Бірақ барлық материяда сипат бола бермейді.

Әрбір ғылымның өзіне тән зерттеу объектісі болады. Психология ғылымы зерттейін объектіні бірден түсіну қиын, әрі ол – күрделі мәселе. Өйткені, психикалық құбылыстар зерттеуші адамның дүниетанымдық көзқарасына байланысты. Психологияның зерттейтін объектісі тіршілік пен өмірдің басқа құбылыстарынан ерекше. Заттар мен құбылыстар туралы адамның елесі, қабылдауы, тілегі сол заттардың өзінен ерекше болып жасалады. Сөйтіп, бірте-бірте олар адамның психикасы болып саналады. Оған психикалық әрекеттер, қасиеттер, процестер, күйлер тағы басқалар жатады. Мұндай процестер көзге көрінбейді. Сонымен бірге олар сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардан да ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер адамның ішкі жан дүниесіне тән.

Алайда, психология ғылымы ерте замандардан келе жатқан білім салаларының бірі, оның дүниеге келген ең алғашқы жері ежелгі Греция. Гректің екі сөзінен тұрады. «псюхе – жан», «логос- сөз, ілім», яғни жан туралы ілім деген мағына береді. Алайда мұны психика туралы ғылым деп түсінген дұрыс.

Психологияның негізгі даму кезеңдеріне сәйкес оған берілген анықтамаларды қарастырайық.

I-кезең– психология жан жөніндегі ғылым. Психологияға мұндай анықтама бұдан екі мың жылдай бұрын берілген. Ежелгі адамзат жанбар деген ұғыммен өзіне түсініксіз барша өмір құбылыстарын дәйектеуге тырысқан.

II-кезең– психология сана жөніндегі ғылым. XVII-ғасырда жаратылыстану ғылымдарының өркендеуімен пайда болды. Адам өзінің ойлау, сезу және ниеттену қабілеттерін сана категориясымен баламаластырған. Ал сананы зерттеудің негізгі әдісі адамның өзін өзі бақылап (интроспекция), одан алған деректерін баяндау болған.

III-кезең – психология әрекет-қылық жөніндегі ғылым. XX ғасырда пайда болды. Психология бұл кезеңде өз міндетіне эксперимент жасап, тікелей нақты көруге мүмкін болғандарды ғана, яғни адамның мінез әрекеттерін, қылық-қимылдарын, сыртқы әсерге жауап қозғалыстарын зерттеуге алды, бірақ оларға себепші болған мотивтерді ескеруді қажет деп білмеді.

IV-кезең – психология шынайы заңдылықтарды, психика көріністері мен тетіктерін зерттеуші ғылым ретінде танылды.

Психология - психиканың дамуы мен әрекетке келуі және оның көрінісінің жеке-дара типологиялық ерекшеліктері жөніндегі, сонымен бірге адамның қоршаған ортамен өзара ықпалдасты байланыстарының жалпы заңдылықтары туралы ғылым.

Психология ерте уақыттан келе жатқан ғылымдардың бірі болғанымен, адамның күнделікті қажетін өтеуге пайдасы өте аз тиіп келді. Өйткені, сол кездегі көпшілік зерттеулердің философиялық негізі ғылыми жағынан дәйексіз болды да өмірден алшақ мәселелерді сөз етті. Психологияда шын мәнісіндегі ғылыми-зерттеулер тек үстіміздегі ғасырда ғана көріне бастады.

Психикаға тітіркенушілік – тірі материядан тітіркенгіз материя сезгіштік пайда болады. Осы сезгіштіктің тууына байланысты организм сырттан әсер еткен заттардың жеке сипаттарын бейнелеу сатысына жетеді.

Психика мен мидың арасындағы қатынас проблемасын шешкенде олардың арасындағы байланысы мен айырмашылығын естен шығармау керек.

Сонымен, психология – психикалық құбылыстардың пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтары туралы ғылым.

Ол құбылыстарды жүйелі түрде топтастырып, болмыс пен фактілерді салыстыра отырып зерттейді. Қабылдау, ес, ойлау, ерік, сезім деп аталатын тағы басқа психикалық процестер адамның ішкі дүниесі мен бейнелену қасиетінің, күллі жан дүниесінің тіршілігі немесе оның сыры деп аталады. Осы орайда, біз психологияның жантану жайындағы ғылым екеніне көз жеткіземіз. Психологияның осындай анықтамасына қосымша ретінде оның үш түрлі ерекшелігі бар.

Бірінші ерекшелігі- психология адам тану жайындағы ғылымдар арасында жетекші орынға ие. Мұндай ерекшелік қазіргі кезде қарқынды дамып отырған ғылыми пәннің өресі мен алдына қойған мақсат-мүддесімен байланысты.

Екінші ерекшелігі – адамның психологиялық дара өзгешіліктерін, психикалық процестердің анық – қанығын айқындау үшін ХІХ ғасырдың орта кезеңінен бергі тәжірибиелік зерттеулердің кеңінен қолданылуы. Осы ретте психология эксперименттік ғылым деп аталады.

Үшінші ерекшелігі – психологияны өзге сабақтас ғылыми пәндерден ерекшелеп тұратын жайт– бұл пәннің өзіндіктігі. Пәннің өзіндіктігі адам жан дүниесінің сырларын зерттеуде ең алдымен оның заңдылықтарын жете білуді, әрбір адамның жеке басына тән ерекшеліктері мен сыр-сипаттарын даралап іздестіруді қажет етеді. Әрбір адам - өзінше бір дара дүние. Оның жан сарайына үңіліп, жүрек сырына терең бойлау, ондағы құпия жайттарды ұғыну- пән өзіндіктігінің бір қыры.

Жалпы психология – психика дамуының жалпы заңдылықтарын, оны зерттеу әдістерін, теориялық принциптерін және оның ғылыми ұғымдарының қалыптасу жүйесін зерттейді. Басқаша айтқанда, бұл ғылым – теориялық және эксперименттік психология деп те аталады.

Жалпы психология – адамның танымы мен Тәжірибелікліклік іс-әрекеттерін, түйсіну мен қабылдауын, ес пен қабылдауын, ойлау мен сөйлеуін, ерік-жігері мен сезім күйлерін, адамның өзін-өзі меңгеруінің жалпы заңдылықтарын қарастырады. Адамның жеке басындағы өзіндік психологиялық ерекшеліктері болып табылатын мінезі мен темпераментін, мінезіндегі жетекші ниет-тілектерді, қабілеті мен өнерді таңдай білуін т.б. ерекшеліктерін зерттейді.

Психологияның мақсат-міндеттері.

Психология адам жан дүниесінің әр түрлі қыры мен сырын зерттейтін пән болғандықтан, ол жан құбылыстарын ғылыми тұрғыдан жете түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай түсінік адамның іс-әрекеттері мен жасампаздығын өрістетіп отыруға жетелейді. Психология ғылымының рөлі өскелең буынға тәлім-тәрбие беру ісінде айқын көрінеді. Психологиялық таным процестері-түйсік-қабылдау, ойлау және сөйлеудің даму заңдылықтары-оқыту теориясындағы дидактиканы құруға, тәлім-істерінің мазмұны мен ауқымын анықтауға, оқыту-әдістерін ғылыми негізде ұйымдастыруға, оқу құралдарын жасауға қажет болатын ғылыми тірек.

Адамның жеке басына тән психологиялық қасиеттердің бәрі - оқу-тәрбие арқылы, тіршілік ортасы мен қоғамдық жағдайға байланысты дамып, қалыптасып отыратын айқын ақиқат. Осы орайда, адамның жан дүниесінің қыры-сырын жандандыру, оның жеке басының қасиеттері мен сипаттарын жетілдіру, ұстаздар мен тәрбиешілердің таным процестері мен психологиялық заңдылықтарды жете білуі шәкірттерге тәлім-тәрбие беру жұмысын жеңілдетеді.

Ал, енді психологияға табиғи және қоғамдық пән ретінде тоқталсақ:

Кез –келген ғылымның тұрмыстық, яғни адамның эмпирикалық тәжірибесі бар. Мысалы: физика – күнделікті тұрмыстағы қимыл-қозғалыстарды, денені, жарықты, жылуды зерттейді, математика-сан, формула, теңеулер, амалдар сияқты ұғымдарды қарастырады. Ал психология ғылымы басқаша. Бізде *тұрмыстық, психологиялық* білімі бар. Педагог, дәрігер, әртүрлі маман иелері адамдармен қарым-қатынаста болады. Кез келген адам қарым –қатынасқа түсе алады. Онда белгілі бір психологиялық білім бар. Адамдар бір бірін түсінеді, әсер етеді, көмектеседі, бір бірінің жеке ерекшеліктерін ескереді.

Тұрмыстық психология білімі ғылыми білімнен қалай ерекшеленеді? Оның бес ерекшелігі бар:

1. Тұрмыстық психологиялық білім **нақты** болып табылады. Ол нақты ситуацияларға, адамдарға, міндеттерге байланысты. Бала анасымен, әкесімен, әжесімен, атасымен өзін әр қалыпты ұстайды.

2. Ол мақсатына жету үшін өзін қалай ұстауды біледі. Ал, ғылыми психология жалпылауға талпынады. Ол үшін ғылыми түсініктерді қолданады. Ғылыми түсініктерде заттар мен құбылыстардың қасиеттері, байланыстары, қатынастары көрсетіледі. Ғылыми түсініктер нақты түрде анықталады. Бір бірімен қатынасқа түседі, белгілі бір заңға сүйенеді. Адамды біз тұрмыстық терминнен қасиеті, мінезі, әдеттері, адамдармен қарым-қатынасы арқылы сипаттай аламыз. Ал ғылыми психология жеке адамның даму заңдылықтарымен жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми түсініктерді іздейді. Ғылыми психология түсінігінің бір ерекшелігі олар тұрмыстық сөздер секілді айтылады. Бірақ оның мазмұны әртүрлі. Тұрмыстық терминдер көп мағыналы болып келеді.

3. Тұрмыстық, психологиялық білімдер сезімдік сипатта болады.

4. Тұрмыстық психологиялық білімді беру тәсілдері бойынша ерекшеленді. Мұндай білімдер ғылыми әдебиеттерде болады, вербальды құралдар арқылы беріледі. Яғни сөйлеу және тіл арқылы.

5. Тұрмыстық және ғылыми психологиядағы білім әдістерге байланысты ерекшеленеді. Тұрмыстық психологияда бақылаулар мен ой- түйінділерне шектелеміз. Ал ғылыми психологияда бұл әдістерге эксперимент әдісі қосылады. Эксперимент әдісінде зерттеуші қажетті үш жағдайды тудырып, құбылысты өзі іздеп табады, одан кейін бұл жағдайды өзі реттеп, құбылыс бағынып тұрған заңдылықтарды зерттейді. ал психологияға эксперимент әдісін енгізу оның жеке ғылым болып дамуына негіз болды.

6. Ғылыми психологияның материалдары өте көп. Бұл материалдар психологияның арнаулы саласында да жас ерекшелік, педагогикалық,

патопсихология т.б.бар. Әрине, бұл салалар өзінің зерттеу міндеттерін шешіп қана қоймай, жаңа құбылыстармен де кездеседі. Сонымен, ғылыми психология

- тұрмыстық психологиялық білімге сүйнеді;
- одан өз міндетін алады;
- тұрмыстық психология мәліметтермен тексеріледі;

Психология ғылымының **негізгі міндеті** психикалық іс-әрекет заңдарын даму барсында зерттеп тану.(1).

Осы заңдар ақылы объектив дүниенің адам миында қалай бейнелентіні, осыған орай оның әрекеттері қалай реттелетіні, психикалық қызметтің дамуы мен жеке адамның психикалық қасиеттері қалай қалыптасқаны айқындалады.

(2). Психикалық құбылыстардың адам өмірі мен әрекетінің объектив жағдайларына тәуелді заңдылықтарын аша отырып, психология осы әсерлердің мидағы бейнелену механизмдерін де айқындайды. (3). Адам мен жануар санасының жалпы заңдарын ашып көрсету.

2. Психологияның салалары. Қазіргі кезде психология ғылымы – көптеген салалар мен тармақтарға бөлініп, ілгері дамып отырған өрісі кең ғылыми пән. Бұл салалар мен тармақтардың дамуы мен қалыптасуы жағынан адамның түрлі тәжірбиелік іс-әрекеттерін қамтитын әр қилы сатыда тұр. Енді, оларды топтастырып, былай жіктеуге (классификациялауға) болады.

Психология ғылымының салалары

Жалпы психология- қалыпты ересек адамның психикалық қызметінің неғұрлым жалпы заңдылықтарын зерттейді.

Педагогикалық психология - адамды оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі психологиялық заңдылықтарды қарастыруы. Ол оқушылардың ақыл ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастыруды, олардың тиісті оқу материалдарын меңгерумен, ұстаз шәкірт арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады. Оның мынандай тармақтары бар:

а). оқыту психологиясы – дидактиканың психологиялық негіздерін, оқыту мен білім берудің жекелеген әдістеме мәселелерін, бағдарлап оқыту мен балалардың ақыл-ойын қалыптастыру сияқты өзгеде мәселелермен шұғылданады.

ә). Тәрбие психологиясы- гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының, еңбекпен түзету педагогикасының психологиялық негіздеріне қатысты мәселелерді іздестіреді. Бұлардан басқа мұғалімдер психологиясы кемтар балаларды (ересектерді де) оқытып тәрбиелеу мәселелерін қамтиды.

Жас кезеңдер психологиясы - әр қилы психикалық процестердің табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын азаматтық қасиеттерін, психологиялық сапаларын зерттейді. Оның тармақтары: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жастар психологиясы, ерекестер психологиясы, қарт адамдар психологиясы.

Әлеуметтік психология- адамдардың белгілі бір негізде ұйымдасқан топтарымен кездейсоқ топтары арасындағы өзара қарым-қатынастағы психологиялық құбылыстардың сырын зерттейді.

Мұнда келесідей үш мәселе қарастырылады:

- үлкен, ірі топтардағы психологиялық - әлеуметтік жағдайлар (ұлт.)
- кіші (шағын) топтардағы психологиялық - әлеуметтік жағдайлар (ұжым)
- қоғамдағы адамның қасиеті мен әлеуметтік – психологиялық орны. Азамат- әлеуметтік психологияның зерттеу объектісі.

Зоопсихология психология– ол жануарлардың психикасын зерттейді.

Инженерлік психология – ол адамның машинамен өзара әрекеті туралы мәселені, оның өзінде, негізінен өндірістік механикаландыруың, автоматандырудың жоғары сатыға көтерілген жағдайында, басқарудың , автоматтандырылған жүйесі жағдайында зерттейді.

Өнер психологиясы – қызметтің өнер туындыларын жасауға бағытталған психологиялық компоненттерін қарастырады.

Спорт психологиясы – спортшылардың іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерді қарастырады.

Ғаламшарлық психология – адамның салмақсыздықпен әлем кеңістігінің адында бағдарсыз жағдайда жұмыс істеу сәтіндегі аса қиыншылық жағдайлардағы психологиясын, оның шектен тыс әсерден кейінгі кейпі, көңіл күймен төзімділік көрсету шараларын зерттейді.

Заң психологиясы – тергеудің психологиялық аспектілермен, куәлар жауаптарының талдауы, куәгерлік көрсетулерді, жауап алуға қойылатын талаптарды талдаумен байланысты проблемаларды зерттейді.

Әскери психология - азаматты ел жұрты мен Отанын қорғайтын қалқан болуға психологиялық тұрғыдан даярлау. Мұнда жауынгердің мінез-құлқын, отаншылдық қасиетін тәрбиелеп қалыптастыру жағдайлары, бастықтармен бағынушылар арасындағы қарым-қатынастар, үгіт, насихат жұмыстарын жүргізу, дұшпанға деген өшпенділік сезімдерінің оянып, оған қарсы барлау істерін ұйымдастыру және соғыс техникасын меңгерумен басқару әдістері зерттеледі.

Медициналық психология – дәрігер қызметі мен сырқат адам мінез-құлқының психологиялық мәнін зерттейді. Оның мынандай тараулары бар: **нейропсихология** – психикалық құбылыстардың ми физиологиялық құрылымдары мен байланысын айқындайды, **фармакопсихология** – емдік дәрілердің адамның психикалық жағдайына ықпалын белгілейді. **психотерапия** -науқасты емдеуде қолданылатын психикалық әсерлерді зерттейді. **психо профилактика** және **гигиена** – адамның денсаулығы мен оны нығайтуға арналған шараларды жүзеге асырады.

Патологиялық психология- адамдардың нормальды психикалық қызметінің бұзылуының әр түрлі формаларын, нормальды психикалық танудың әр түрлі ауытқуларын- зерттейді.

Мұнда да бірнеше бағыттар бар : **олигофренопсихология**- психикалық дамудың мида туа біткен ауытқуларына байланысты патологиялық жағдайларды қарастырады. **тифлопсихология**- соқыр немесе нашар көретін адамдардың психологиясын зерттейді. **сурдопсихология** - есту қабілетінің бұзылуымен байланысты психологиялық ерекшеліктерді зерттейді топтардағы психологиялық - әлеуметтік жағдайлар (ұлт.)

Ғылыми – шығармашылық (творчество) психологиясы соңғы кездерде зерттеле бастаған сала. Бұл салада шығармашылық адамның жасампаздық қызметі өзіндік ерекшеліктері, белсенділігі айқын көрініп, ғылыми жаналықтарды ашудағы интуициясы, сезімдік рөлі т.б. сипаттары зерттеледі. Осы бағыттағы ерекше маңызыды заңдылық- **эвристика тәсілі**.

Сауда психологиясы - әрбір елдің саяси –экономикалық және мәдени – материалдық қажеттіліктерін өтеу мақсаттарына қарай шаралары белгіленеді. (жарнама)

Еңбек психологиясы – адамның іс-әрекет түрлерінің психологиясын, еңбекті ғылыми негізге сүйене отырып ұйымдастыру мәселелерін қарастырады.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6, 7, 10, 13

ТАҚЫРЫП 1	Психология ғылым ретінде
------------------	--------------------------

Семинар – 1 сағат

Сұрақтар:

1. Психологияның негізгі бағыттары.
2. Психология: түсініктері және белгілері.

Тапсырма:

Семинарлық сабақтарға шығарылатын сұрақтарға дайындалу. Пән бойынша негізгі әдебиеттерге дайындалу.

Әдістемелік ұсыныстар:

Курсант сабаққа дайындалу процессінде дәрістік сабақта алған және өзі дайындалу процессінде алған теориялық метриалды бекіту қажет:

Психика мәнін адамды қоршаған шынайылықтың бейнесі ретінде түсіну;

- психологияны оқыту пәні;
- қазіргі психологиялық ғылымның құрылымы.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6, 7, 10, 13

ТАҚЫРЫП 1	Психология ғылым ретінде
------------------	--------------------------

Тәжірибелік – 1 сағат

Сабақтың мақсаты: Психология ғылым ретінде түсініктері туралы білімді қалыптастыру.

1. Рефераттар қорғау.
2. Тест тапсырмаларды орындау

ТАҚЫРЫП 1	Психология ғылым ретінде
------------------	--------------------------

КОӨЖ– 1 сағат

Тапсырма:

Келесі сұрақтарға ауызша жауаптар дайындау:

1. Психология ғылым ретінде: түсінігі және айырмашылық белгілері.
2. Психология оқытудың пәні. Іс-әрекет қағидалары, олардың мазмұны.
3. Психологиялық зерттеуді құрудың қағидалары

Өткізу нысаны - жазбаша

Әдістемелік ұсыныстар:

Берілген тапсырма шегінде өзіндік түрде психология туралы негізгі түсініктерді анықтау, сондай-ақ түсінік беру және психологиялық зерттеу қағидаларының құрылымын ашу.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6, 7, 10, 13

ТАҚЫРЫП 1	Психология ғылым ретінде
------------------	--------------------------

КӨЖ – 6 сағат

Тапсырма:

Курсант өзіндік дайындалу барысында білуі қажет:

- осы тақырып бойынша негізгі әдебиетті;
- семинарлық сабаққа және КӨЖ дайындалуы;
- тақырыптарға реферат дайындауы:

1. Психология ғылыми пән ретінде.

2. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің әдістері, олардың жіктелуі, салыстырмалы сипаттама.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6, 7, 10, 13

ТАҚЫРЫП 2	ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТЕОРИЯСЫ
------------------	------------------------------------

Семинар – 1 сағат

Сұрақтар:

1. Жеке тұлғаның психологиясы.
2. «Адам», «индивид», «жекешелік», «жеке тұлға» түсініктерінің қатынасы.
3. Жеке тұлғаның психологиялық құрылымы.

Тапсырмалар:

Семинарлық сабақтарға шығарылатын сұрақтарға дайындалу. Пән бойынша негізгі әдебиеттерге дайындалу.

Әдістемелік ұсыныстар:

Семинарға дайындалу кезінде өзіндік дайындалу процесіндегі теориялық материалды бекіту қажет:

Келесі түсініктерді мазмұнын түсіндіру қажет: «адам», «индивид», «жекешелік», «жеке тұлға»; осы маңызды негіздерді білу. Жеке тұлға типтері мен құраушы элементтері қалай болатындығын меңгеру.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 2	ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТЕОРИЯСЫ
------------------	------------------------------------

Тәжірибелік- 3 сағат

Сабақтың мақсаты: психологиядағы жеке тұлға теориясы туралы білімді қалыптастыру.

№2 тақырып бойынша тәжірибелік сабақтарды академияның ТЖБ психологының қатысуымен немесе тәжірибеші-психологтың қатысуымен психологиялық бейімделу кабинетінде жүргізу.

1. Жеке тұлғаның қоғамдық мәні.....

2. Жеке тұлғаның бағыттылығы

3. Рефератты қорғау.
4. Тест тапсырмаларды орындау

ТАҚЫРЫП 2	ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТЕОРИЯСЫ
------------------	---

КОӨЖ – 2 сағат

Тапсырма:

Келесі сұрақтарға жазбаша жауап даярлау:

1. Адамның басқалардан айырмашылығы.
2. Психологияда адам және жеке тұлға мәселесі қалай қарастырылатынымен танысу.
3. Негіздері және құрылымы.
4. Жеке тұлғаның қоғамдық мәнін зерттеу.
5. Жеке тұлға бағыттылығы туралы түсінік.

Өткізу нысаны - жазбаша

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы тақырып шегінде психологиядағы жеке тұлға рөлін анықтау қажет. Элементарлы психология негіздерін білу, жеке тұлға психологиясын, жеке тұлға даму қалай жүретінін және осы процестің ерекшеліктері қандай екендігін білу қажет.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 2	ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТЕОРИЯСЫ
------------------	---

КӨЖ – 6 сағат

Тапсырма:

Курсант өзіндік дайындалу барысында білуі қажет:

- осы тақырып бойынша негізгі әдебиетті;
- семинарлық сабаққа және КОӨЖ дайындалуы;
- тақырыптарға реферат дайындауы:

1. Жеке тұлғаның психологиялық теориялары.
2. Жеке тұлғаның қоғамдық қатынастағы субъектісі ретінде.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 3	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТИПОЛОГИЯСЫ, ИНДИВИД ҚҰРАМЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.
------------------	--

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Жеке тұлғадағы биологиялық және әлеуметтіктің қатынасы
2. Жеке тұлға бағыттылығының және оның құрамдас бөліктерінің сипаттамасы.
3. Жеке тұлғаның қызметтік типтері.

Дәріс тезистері

«Жеке тұлға» жалпы ғылыми және өмірлік терминді білдіреді: 1) адам индивиді қарым-қатынас және саналы әрекеттің субъектісі ретінде (бет бейнесі кең мағынада);

2) индивидті қандайда бір қоғамның немесе қауымның мүшесі ретінде сипаттайтын әлеуметтік елеулі қасиеттерін сипаттайтын тұрақты жүйені.

Дегенмен бұл екі ұғым – бет адамның тұтастығы және жеке тұлға оның әлеуметтік және психологиялық бейнесі – термин жағынан айырмашылығы бар, бірақ жиі синоним ретінде қолданылады.

Психологияда жеке тұлғада кейбір ядро, қызықтырушы бастама, индивидтің түрлі психикалық процесстерін бірге байланыстыратын және оның қылығына қажетті бірізділік пен тұрақтылықты хабарлайтыны айтылады. Осындай бастама неден көрінетіндігіне байланысты жеке тұлға теориялары психобиологиялыққа (*У. Шелдон*), биоәлеуметтік (*Ф. Олпорт, К. Роджерс*), психоәлеуметтік (*К. Адлер, К. Хорни және өзге неофрейдисттер*), психостатикалық («факторлық» – *Р. Кеттел, Д. Айзенк және т.б.*) бөлінеді.

Көрсетілген теорияларға орай жеке тұлға типологиясы жүзеге асырылады. Жеке тұлға типтері – жеке тұлға модельдері (зерттеу сұлбалары), психология және социологияда үлгі ретінде, көптеген түрлі индивидтерді (жеке тұлғаларды) суреттегенде, жіктегенде, реттегенде қолданылады. Нақты-тарихи жеке тұлға типтерін ажыратады, идеалды типтер, зерттелген тұлғалардың эмпирикалық топтамаларына, кейбір теориялық тұжырымдамаларға жауап беретін. Социологияда жеке тұлғаның түрлі әлеуметтік типтерінің болуы және көрінуі қоғамдық-экономикалық формациялардың ерекшеліктерімен және сипаттамаларымен байланыстырылады (класстық, әлеуметтік-топтық жеке тұлға типтері). Әлеуметтік-тарихи жеке тұлға типтері қандайда бір тарихи кезеңмен, қоғамның әлеуметтік құрылымымен жеке тұлға сипаттамаларының кейбір жиынтығын атау үшін қолданылады.

Батыс психологиясында жеке көрсеткіштердің басымдығын ескеретін типологиялар тараған (олардың бағдарына тән туындайтын индивидтердің қасиеттері). Мысалы *К. Юнг* типологиясы сондай, сензитивтілік, ойшылдық, бағалауды уайымдау, интуитивтілік, экстравертивті немесе интровертивті бағыттылық. *Э. Фром* ұсынған типология келесі жеке тұлға элементтерін құрайды: жинақтылық, айырбасқа, қабылдауға, пайдалануға және т.б. бағдарлылық.

Персонологиялық жіктелудің дыбыстарын көптеген әлеуметтік-психологиялық типологияларда кезіктіруге болады (көбінесе жеке тұлға типологиясын топтар мен қоғам нормаларына, бағыттылық типологиясына және жеке тұлғаның басқаруға бағыныштылығына қатысты жеке тұлға конформділігінің белгісі бойынша).

Эмпириялық зерттеулерде типологиясы мағынасының мәні бар – орташаландырылған образбен ұқсастырылған, зерттелушілер топтамасы. Көптеген жеке тұлға сипаттамаларын, көрсеткіштерін, қасиеттерін ерекшелеу (көбінесе, факторлық талдаудың көмегімен) оның белгілерін көпқырлы кеңістікте құруға мүмкіндік береді – жеке кеңістікте. Жеке тұлға типологиясы мәселелеріне психологтардың мән беруі оның мінезін және

дамуын болжау қажеттілігімен, оны оқыту мен тәрбиелеудегі тиімді нұсқаларды жасау қажеттігімен шарттанған.

Х. Айзенк тұжырымдамасына сәйкес жеке тұлға сипаттамалары болып экстраверсия және интроверсия табылады. Х. Айзенк бойынша олардың негізінде нерв жүйесінің туа біткен негіздері жатыр (көбінесе, қозу және тежелу процесстері арасындағы баланс). Осыменен жеке тұлғаның әлеуметтік сипаты анықталады (мысалы, қылмыс жасауға бейімділік). Өзге маңызды сипаты деп Х. Айзенк невротизмді есептейді (эмоционалды тұрақтылық дәрежесі). Осы тұжырымдаманың сыртында көзқарас, идеялар, құндылықтар және т.б. қалып қояды; жеке тұлға, Х. Айзенк бойынша – психобиологиялық құбылыс.

Тәжірибелікте индивид қабілеттіліктерін Х. Айзенктің психодиагностика бойынша зерттеулеріне көңіл бөлінеді. Ол адам дарындылығы мұрагерлікпен шарттанған және тест бойынша өлшеуге болады деп есептеген. Х. Айзенк ой процесстерінің ағым жылдамдығын санаған.

Дж. Кеттел зерттеулерінің жеке-психологиялық қасиеттерін факторлық талдау негізінде жүзеге асырған. Ол статистикалық көзқарасқа негізделген – диагностика мақсатында тестілер (сынақтар) сериясын қолдану.

К. Юнг бойынша адамзат атомдық катастрофа қаупінде емес психикалық эпидемия қаупінде тұр, яғни адамзаттық тағдырын шешуде адамның өзі, оның психикасы шешуші фактор деген. К. Юнг үшін осы «шешуші фактор» санасыз психикаға фокустанған, ол шынайы қауіп, «әлем қыл үстінде – ол қыл – адам психикасы» деген.

Психикалық энергия психологиялық типтердің аналитикалық психологиясымен тығыз байланысты. Ол туа біткен темперамент айырмашылығына, психодинамикалық тұрақты қасиеттердің интегралды үйлесімділігіне қатысты болады. Осындай типтердің бірнеше түрлері бар. Алдымен екі тұрақты типті айырған жөн: **экстраверт** және **интроверт**.

Экстраверт энергия тасымалдаушыны сыртқы ортамен байланыстыра отырып психикалық энергиясын тума тенденциясымен бағыттаумен сипатталады. Бұл тип басқа объектілерге – өзге адамдарға, заттарға, ортаның манераларына және жағдайына – табиғи және ойланбастан назар аударады. Экстраверт қоршаған ортамен, өзге адамдармен жақсы қарым-қатынаста болған жағдайда жақсы сезінеді, ал жалғыздықтан мазасыз, аурушаң бола бастайды. Экстраверттің субъективті ішкі әлеммен байланысы әлсіз, ол онымен кездесуден қашады. Қандайда бір субъективті сұрақтарды эгоисттық ретінде бағалайды.

Интроверт өз психикалық энергиясын өз ішкі ойымен, қиялымен және субъектіге назарымен байланыстырады, ол сыртқы жағдайларға орайластырылу міндеттемесінен босанған. Интроверттің өз компаниясы, өз тар әлемі бар және ол үлкен топтарда тұйықталаып қалады.

Экстраверттер мен интроверттер ішінен К. Юнг төрт жеке тұлға қызметтік типтерін ашып көрсетеді: ойлау, сезім, сезіну, интуиция. Әр индивид барлық төрт қызметке ие.

Ойшыл типке еркектер жатады. Осы типтің ментальді ғұмыры осы формулаларға өмірлік Тәжірибеліксін үйлестіру және жеке формулаларды жасауға жетелейді.

Сезімтал тип әйелдерде кең тараған. Бәсекелестік тұлғаралық қатынастарды нақтылау және дамыту бұл жерде басты мақсат болып табылады. Адам эмоциональды байланыстан қанағаттанады. Бұл тип өзгелердің ісіне аса қызығушылық танытуымен жақпай қалуы ықтимал. Мұндай адамдар туралы көбінесе былай дейді: «Үнемі өзіне қатысты емес іске араласады да жүреді».

Сенсорлы (сезінуші) тип әдеттегі осы сәттік өмірмен, осы жерде және қазір, сипатталады. Оның бұлдыр елесі, күрделі ойы жоқ, қарапайым нәрселерге қарап өмірге масаттанып жүреді. Сезімтал тип жердегі, шынайы және осы өмірмен өмір сүруге дайын болып көрінеді, бірақ сонымен қатар ақымақ сияқты көрінеді.

Интуитивті тип ішкі белсеңді қабылдауынан ағымдайтын жаңа көріністер және сезімдермен ынталандырылады. Барлық жаңа және мүмкін, түсініксіз және өзге, тамаша осы типтің қармағы болып табылады. Интуиция өткен мен болашақ туралы куәлік сияқты. Интуитивті тип өзгелерге түсініксіз, тансық заттар арасындағы байланысты іліп әкетеді.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 3	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТИПОЛОГИЯСЫ, ИНДИВИД ҚҰРАМЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.
------------------	--

Семинар -1 сағатат

Сұрақтар:

1. Жеке тұлғадағы биологиялық және әлеуметтіктің қатынасы.....
2. Темперамент туралы түсінік
3. Темперамент типтері және олардың психологиялық сипаттамасы

Тапсырма:

Семинарлық сабақтарға шығарылатын сұрақтарға дайындалу. Пән бойынша негізгі әдебиеттерге дайындалу.

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы сабақты өткізу барысында дәрістік сабақтарда алынған білімдерін бекіту; құқықтық мәртебе ерекшеліктерін түсіндіру, жеке тұлға типологиясы мен маңызын; жеке тұлға психодинамикалық теориясының негіздерін зерттеу; жеке тұлғаның жеке теорияларын.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 3	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТИПОЛОГИЯСЫ, ИНДИВИД ҚҰРАМЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.
------------------	--

Тәжірибелік -3 сағат

Сабақтың мақсаты: индивид қасиеттерінде негізделген жеке тұлға типологиясы туралы білімдерін қалыптастыру

1. Жеке тұлғаның негізгі құрылымдарының сипаттамасы.
2. Қазіргі жеке тұлға теориялары
3. Реферат қорғау
4. Тәжірибелік жаттығуларды орындау

ТАҚЫРЫП 3	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТИПОЛОГИЯСЫ, ИНДИВИД ҚҰРАМЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.
------------------	--

КОӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

Келесі сұрақтарға жазбаша жауаптар дайындау:

1. Жеке тұлға теориясындағы психодинамикалық бағыттар
2. Жеке тұлға типтері
3. Адамдық индивид қатынастар және танымдық әрекеттің субъектісі ретінде
4. Индивидтің топтағы жағдайы

Өткізу нысаны - жазбаша

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы тапсырма шегінде психологиядағы жеке тұлға ролің, сондай-ақ оның мәртебесін, тапсырмалары мен жүйесін өзіндік анықтау.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 3	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТИПОЛОГИЯСЫ, ИНДИВИД ҚҰРАМЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.
------------------	--

КӨЖ – 7 сағат

Тапсырма:

Курсант өзіндік дайындалу барысында білуі қажет:

- осы тақырып бойынша негізгі әдебиетті;
- семинарлық сабаққа және КОӨЖ дайындалуы;
- тақырыптарға реферат дайындауы:

1. Мінез психологиялық санат ретінде және индивид қасиеті ретінде.
2. Топ ортасындағы индивид сипаттамасының ерекшеліктері.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 4	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЖЫМ
------------------	-----------------------------

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Жеке тұлға және ұжым.
2. Топтардың жіктелуі.
3. Жеке тұлға және топ. Өзара қарым-қатынастар мәселесі.

Дәріс тезистері

"Коллективус" латын сөзін арқылы аударарды - жиын, көпшілік, біріккен жиналыс, бірлестік, топ. Қазіргі әдебиетте «ұжым» түсінігінің екі ұғымы қолданылып келеді. Біріншісі: ұжым деп адамдардың қандайда болмасын бір ұйымдасқан тобы түсіндіріледі (мысалы, ұйымдастырылған топ. «Ұжым» түсінігі педагогикалық

әдебиетте тәрбиеленушілер (оқушылар) бірлестігі, бірнеше белгілері бойынша ерекшеленеді. Соларды қарастырайық.

1. *Жалпы әлеуметтік маңызды мақсат.* Мақсат қай топта болмасын бар: жолаушылар да, трамвайға отырушыларда да, қылмыскерлерде де бар. Оның қандай мақсат екендігінде. Мақсат міндетті түрде қоғамдық мақсатпен сай келеді, қоғаммен және мемлекетпен қолданады, тәңірлік идеологияға, конституцияға және мемлекет заңына қайшы келмейді.

2. *Жалпы біріккен әрекет* қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін, осы әрекеттің жалпы ұйымдасқандығы. Адамдар ұжымға алға қойған мақсатына тез қол жеткізу үшін бірігеді. Ол үшін ұжымның әр мүшесі біріккен әрекетке белсенді араласуы қажет. Ұжым мүшелері біріккен әрекетінің нәтижесіне жауапкершілігімен өзгешеленеді.

3. *Жауапты тәуелділік қатынасы.* Ұжым мүшелері арасында тек бірлік мақсаттары мен әрекетті көрсетіп қана қоймайтын, сонымен қатар уайымдау мен бағалаушы талқылаумен байланысты (моральді жекелену) арнайы қатынастар орнатылады.

4. *Жалпы сайланатын басқарушы орган.* Ұжымда демократиялық қатынастар орнатылады. Ұжымды басқарушы органдар ұжымның беделді мүшелерімен тікелей және ашық сайланады.

Ұжым мен жеке тұлға қатынастары жөніндегі сұрақ – өзекті мәселенің бірі, ол тәрбие демократизациясы жағдайында, адам құқығы мен бостандығында ерекше маңызды. Жеке тұлғаны қалыптастыру туралы сұрақ бірнеше онжылдықтар бойы отандық педагогикалық әдебиетте қарастырылмады. Жеке тұлға ұжымдылыққа бағынуы тиіс деп есептеліп келді. Қазір жаңаша, уақыт шешіміне сай, адамның терең философиялық тұжырымдамасы мен әлемдік педагогикалық ойдың Тәжірибеліксіне сүйене отырып іздестіруге тура келеді.

Ұжымдық қатынастар жүйесіндегі ереже жеке әлеуметтік Тәжірибеліксіне тәуелді. Тәжірибелік, оны талқылаудың сипатын, құндылық бағдарын, мінез-қылық линиясын анықтайды. Ол талқылауларға, құндылықтарға және мінез дәстүрлеріне сай келуі, не келмеуі де мүмкін. Осы сәйкестік бар жерде қалыптасқан қатынастар жүйесіне жеке тұлғаның қосылуы елеулі түрде жеңілдетіледі.

Оқушының Тәжірибеліксі басқаша болған жағдайда (нашар, кедей немесе, керісінше, ұжымның әлеуметтік Тәжірибеліксі бай болған сайын) оған өз құрдастарымен қарым-қатынас құруы қиын болады.

Әсіресе оның жағдайы жеке әлеуметтік Тәжірибеліксі осы ұжымда қабылданған құндылықтарға қайшы келгенде күрделі болады. Қарама қарсы мінездің, өмірге деген көзқарастардың сай келмеуі, сөзсіз, болжаусыз нәтижеделрге әкеліп соғады.

Қорытынды шығарайық: жеке тұлға мен ұжымның қарым-қатынасы жеке тұлғаның өз қасиеттеріне ғана емес, сонымен қатар ұжымға да байланысты. Тәжірибелік көрсеткендей, ұжымның дамуы

дәстүрге, қоғамдық пікірге, өзің өзі басқарудың беделіне негізделген, жоғарғы деңгейде болса, ол жердегі қарым-қатынас та жайлы болады.

Әр адам аз да, көпті ұжымда өзінің жақсы жағдайға ие болуына, бекітілуіне ұмтылады. Бірақ ондай мүмкіндік барлығына беріле бермейді – субъективті және объективті себептер кедергі болады. Өз табиғи мүмкіндіктерінің күшімен көзге көрінетін жетістіктерге қол жеткізу, ұяңдықты жеңу, ұжыммен құндылықты бағдардағы айырмашылыққа сын көзбен қарап, таразылауға әркімнің күші келе бермейді. Әсіресе, санасы және өзіне баға беруі жеткіліксіз, өзіне деген ұжымның, достарының қатынасын бағалай алмайтын, ұжымдағы өз орнын әлі біле қоймаған кіші жастағы мектеп оқушыларына қиын, олар өз мүмкіндіктерін көрсетіп, жолдастарының алдында қызықты, назар аударуға тұратындай ете алмайды. Субъективті себептерден бөлек объективті де себептер болады: мектеп оқушысы ұжымда ойнай алатын әлеуметтік рольдердің тар диапазоны және әрекеттің бір турлілігі; ұжым мүшелері арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырудың формаларының бір қалыптылығы мен мазмұнының жұтаңдығы; бір-бірін қабылдау мәдениетінің жетіспеушілігі, досының назарға лайықты екендігін көрсететін қызықтығы және құндылығын көре алмауы.

Әрине, қарастырылған модельдермен жеке тұлға мен ұжым арасындағы қарым-қатынастардың алуан түрлілігі сарқылып қалған жоқ, әр қайсысын талдау үшін оған жеке тұлға әрекеті мен мінезінің ынталандырылуының психологиялық механизмдерін жан-жақты білу, сондай-ақ әлеуметтік педагогика және психология заңдылықтарын білу қажет.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 4

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЖЫМ

Семинар – 1 сағат

Сұрақтар:

1. Ұжым дамуының деңгейі
2. Ұжымның жеке тұлғаға әсері
3. Конформизм мәселесі

Тапсырма:

Семинарлық сабақтарға шығарылатын сұрақтарға дайындалу. Пән бойынша негізгі әдебиеттерге дайындалу.

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы сабақты өткізу кезінде қажет: өздік дайындалу кезінде және дәрістік сабақтарда тыңдалған теориялық материалды бекіту; ұжым ролің, маңызы мен мақсатының түсіндіру; бірлікті көрсетудің мақсаттары мен әрекеттері.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 4	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЖЫМ
------------------	-----------------------------

Тәжірибелік – 3 сағат

Сабақтың мақсаты: Жеке тұлға және ұжым туралы теориялық білімдерді бекіту

1. Жеке тұлғаның ұжымға әсері
2. Басшылық. Лидерлық.
3. Реферат қорғау
4. Тәжірибелік жаттығуларды орындау

ТАҚЫРЫП 4	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЖЫМ
------------------	-----------------------------

КОӨЖ– 2 сағат

Тапсырма:

Келесі сұрақтарға жазбаша жауап дайындау:

1. Ұжым және жеке тұлға қатынастары жөніндегі сұрақ.
2. Ұжымды педагогикалық басқару
3. Жеке тұлғаны ұжымға әсер ете отырып қалыптастыру
4. Жеке тұлға және ұжым арасындағы қатынастар дамуының моделі
5. Ұжымды педагогикалық басқару

Өткізу нысаны - жазбаша

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы тапсырма шегінде өз бетімен жеке тұлға және ұжым арасында туындайтын сипатты құбылыстарды айтуға талпыну қажет.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 13, 15, 25, 29, 30.

ТАҚЫРЫП 4	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЖЫМ
------------------	-----------------------------

КӨЖ– 6 сағат

Тапсырма:

Курсант өзіндік дайындалу барысында білуі қажет:

- осы тақырып бойынша негізгі әдебиетті;
- семинарлық сабаққа және КОӨЖ дайындалуы;
- тақырыптарға реферат дайындауы:

1. Ұжым типтері және олардың сипаттамасы
2. Жарғысыз өзара қарым-қатынастардың алдын алу

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

ТАҚЫРЫП 5	ТЕМПЕРАМЕНТ ТУРАЛЫ КЛАССИКАЛЫҚ ОҚИТУ
------------------	---

Семинар – 1 сағат

Сұрақтар:

1. Жеке тұлға түсінігі, типтері
2. Темпераменттің нервтік қызметі типтерінің психологиялық сипаттамалары.
3. Темпераменттің негізгі қасиеттері және оның жіктелуі.

Тапсырма:

Семинарлық сабақтарға шығарылатын сұрақтарға дайындалу. Пән бойынша негізгі әдебиеттерге дайындалу.

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы сабақты өткізу барысында қажет: өзіндік оқылған және теориялық материалды бекіту; жеке тұлғаның индивидті-типологиялық ерекшеліктерін түсіндіру.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

ТАҚЫРЫП 5	ТЕМПЕРАМЕНТ ТУРАЛЫ КЛАССИКАЛЫҚ ОҚЫТУ
------------------	---

Тәжірибелік – 3 сағат

№5 тақырып бойынша Тәжірибелік сабақтарды академияның ТЖБ психологының қатысуымен немесе Тәжірибелікші-психологтың қатысуымен психологиялық бейімделу кабинетінде жүргізу.

Жоғарғы нерв қызметінің типтері – темпераменттің табиғи негізі

1. Темпераменттің жеке тұлғаның өзге қасиеттерімен өзара байланысы
2. Реферат қорғау
3. Тәжірибелік жаттығуларды орындау

ТАҚЫРЫП 5	ТЕМПЕРАМЕНТ ТУРАЛЫ КЛАССИКАЛЫҚ ОҚЫТУ
------------------	---

КОӨЖ – 3 сағат

Тапсырма:

Келесі сұрақтарға жазбаша жауап дайындау:

1. Темперамент туралы жалпы ұғым
2. Адам қарым-қатынасының негізгі қағидалары
3. Жеке тұлға және топ
4. Өзара қарым-қатынастар мәселесі.
5. Мінез және жеке тұлға

Өткізу нысаны - жазбаша

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы тапсырма шегінде темперамент типтері мен өмірлік әсерлерге салмақтылық реакцияларын өзіндік анықтау; адам мінезін; индивидтің барлық құбылыстарын анықтау.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

ТАҚЫРЫП 5	ТЕМПЕРАМЕНТ ТУРАЛЫ КЛАССИКАЛЫҚ ОҚЫТУ
------------------	---

КОЖ – 7 сағат

Тапсырма:

Курсант өзіндік дайындалу барысында білуі қажет:

- осы тақырып бойынша негізгі әдебиетті;
- семинарлық сабаққа және КОӨЖ дайындалуы;
- тақырыптарға реферат дайындауы:

1. Адам мінезінің ерекшеліктері.
 2. Темпераментті зерттеу.
 3. Мінез құрылымы
 4. Жеке тұлға темпераменті және өзге қасиеттерінің байланысы
- Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32**

ТАҚЫРЫП 6	ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
------------------	--------------------------------------	----------------------

Семинар – 1 сағат

Сұрақтар:

1. Жалпы психологиялық жоспарда «жеке тұлға тұрақтылығы» түсінігі
2. Эмоционалды тұрақтылық және оның негіздері.
3. Жеке тұлғаның психологиялық тұрақтылығына әсер етуші факторлар

Тапсырма:

Семинарлық сабақтарға шығарылатын сұрақтарға дайындалу. Пән бойынша негізгі әдебиеттерге дайындалу.

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы сабақты өткізу барысында қажет: дәрістік сабақ барысында алған білімдерін бекіту. Өзіндік дайындық кезінде семинарлық сабақ сұрақтарын детальді оқу және талқылау.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

ТАҚЫРЫП 6	ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
------------------	--------------------------------------	----------------------

Тәжірибелік -3 сағат

№6 тақырып бойынша тәжірибелік сабақтарды академияның ТЖБ психологының қатысуымен немесе тәжірибеші-психологтың қатысуымен психологиялық бейімделу кабинетінде жүргізу.

1. Психологиялық тұрақтылыққа әсер ету факторлары ретінде сенімділік және сенімсіздік.
2. ПО қызметкерлерінің стресс факторларға тұрақтылығы
3. ПО қызметкерлерінің кәсіби деформациясының алдын алу
4. Рефераттар қорғау
5. Тәжірибелік жаттығуларды орындау

ТАҚЫРЫП 6	ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
------------------	--------------------------------------	----------------------

КОӨЖ – 2 сағат

Тапсырма:

Келесі сұрақтарға жазбаша жауап дайындау:

1. Психологиялық тұрақтылық/тұрақсыздық жұмысының сұлбасы.
2. Психологиялық тұрақтылықты жоғарылату
3. Психикалық тұрақтылық факторлары

Өткізу нысаны – жазбаша

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы тапсырма шегінде психологиялық тұрақтылықты оқып білу: ПО қызметкерлері қызметіндегі экстремалды жағдайларға даяр болу ретінде.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

ТАҚЫРЫП 6	ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
------------------	----------------------------------	----------------------

КӨЖ – 6 сағат

Тапсырма:

Курсант өзіндік дайындалу барысында білуі қажет:

- осы тақырып бойынша негізгі әдебиетті;
- әдебиеттер тізімінде көрсетілгеннен қысқаша конспект жазу;
- семинарлық сабаққа және КОӨЖ дайындалуы;
- тақырыптарға реферат дайындауы:

1. Жеке тұлға тұрақтылығы.

2. Ортаның стресстік факторларына бейімделуге жеке тұлғаның психологиялық тұрақтылығы.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

ТАҚЫРЫП 7	ПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
------------------	---

Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. ПО қызметкерлері жеке тұлғаларына қойылатын психологиялық талаптар
2. ПО қызметкерлері жеке тұлғасының моральді-психологиялық сипаттамасы
3. Құқық қорғау қызметкерлерінің еріктік қасиеттерін дамыту.

Дәріс тезистері

Қандайда бір кәсіби қызмет адамға белгілі талаптар қояды және оның жеке тұлғасына және барлық өміріне өз белгісін қалдырады. ПО қызметкерінің қандай жеке қасиеттері болуы керектігін анықтап көру үшін осы қызметтің өзіне талдау жасау керек, оның құрылымын ашу қажет. Кәсіби қызметтің заңдылықтарын анықтау, оның арнайы ерекшеліктерін анықтау оны зерттеп қана қоймай, сонымен қатар оны жетілдіруге арналған ұйымдастыру шараларын жасауға мүмкіндік береді.

ПО қызмет экстремальді жүктемелермен ілесе жүреді, қызмет қиың, күрделі жағдайларда жүргізіледі, қаруды, физикалық күшті, арнайы құралдарды қолданумен байланысты. Жеке құрамның адалдығы мен кәсібилігіне көп нәрсе байланысты, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы да соған тәуелді.

Шешілетін тапсырмалардың күрделілігі жоғарылаған сайын жедел-қызметтік қызметтегі жеке құрамның құқықтық және адамгершіліктік бастамаларын тануда жаңа көзқарастарды табу талап етіледі.

Оларға біріншіден жатқызылатындар:

- Жеке тұлғасының кәсіби-психологиялық бағдарлылығы;
- дамыған еріктік қасиеттер (қиың жағдайда өзін меңгере алуы, ерлік, батырлық, қатерге бас тігу);
- жақсы дамыған коммуникативті қасиеттер (түрлі санатты адамдармен сенімді қарым-қатынасты орнату және ұстана білу),
- түрлі жедел-қызметтік тапсырмаларды шешуде адамдарға психологиялық әсер ету;
- рольдік ептіліктер, айналу қабілеттіліктері;
- дамыған кәсіби-маңызды танымдық қасиеттер (кәсіби бақылағыштық және назарлылық, кәсіби дамыған ес, шығармашылықтық елестету);
- кәсіби дамыған ойлау, кернеулі ой жұмысына ептілік, саналылық, дамыған интуиция);
- реакция жылдамдығы, күрделі жағдайда бағдарлану ептілігі.

Бұл қасиеттер адамға бастапқыдан берілмеген. Оларды қалыптастыру және дамыту – ұзақ және күрделі процесс, бірақ осы ПО қызметкерінің кәсіби орнығуының қажетті шарты. Осы қасиеттердің болмауы немесе дамымағандығы оларға қалыпты қызметтік міндеттерін орындауға кедергі жасайды, кәсіби дезадаптация және кәсіби жеке тұлға деформациясын тудырады. Осыған байланысты қызметкерлердің кәсіби-психологиялық дайындығы үлкен мәнге ие болады, олардың бірі – осы қасиеттерді қызметкерлерде қалыптастыру.

Жағымды эмоционалды-еріктік жеке тұлға қасиеттерін дамыту, қызметкерлерді өзін реттеу және өзін басқару тәсілдеріне үйрету психологиялық дайындықтың ажырамас бөлігі болып табылады.

Психологиялық дайындық еріктік белсенділікті және еріктік әрекеттер дағдыларын қалыптастыруды енгізеді. ПО қызметкерлері Тәжірибелік қызметінде түрлі қиындықтар мен кедергілерге кезігеді, олар жұмысты сапалы орындауға кедергі келтіреді, ал кейде қойылған мақсатқа жетуге де кедергі болады. Бұл жағдайда оларға еріктік белсенділік таңытуға тура келеді, ол осы кедергілер мен қиындықтарды жеңуге талпынтады. Жұмыстағы психикалық жүктемелерге дайындық қажет және мақсатты, өйткені ПО қызметкерлерінің қызметі арқилы әсер етуші факторлардың, көбінесе стресстік сипаты бар екендігін, шамадан тыс жүктемеге және нерв жүйесінің жүктемесіне әкелетіндігін сипаттайды.

Бұл, өз алдына ол жүзеге асыратын қызметтің әсерлілігінен көрінеді. Сондықтан қызметкерлер осы процесстер мен тәсілдердің ағымының заңдылықтарымен таныс болғаны жөн (көбінесе, мысалы, психореттеуші жаттығу тәсілдерімен), олар қысқа мерзімде жұмыс қабілеттілігін көтеруге және шамадан тыс психикалық жүктемені алып тастауға көмегін тигізеді.

ПО қызметкерлерінің кәсіби қызметі «күрдел» мамандықтар разрядына жатады, ол өте үлкен психологиялық және психофизиологиялық талаптарды қояды.

ПО қызметкерінің жеке тұлғасы күрделілігімен және алуан қырлылығымен ерекшеленеді. Ол көптеген факторлардың нәтижесінде жинақталады және қалыптасады, бірақ бастысы болып өз өмірлік мақсатының бірі етіп ПО қызметкері мамандығын таңдаған адам жеке тұлғасы табылады.

ПО қызметкері жеке тұлғасының қалыптасуы – ол қазіргі заңдардың, сәйкес ведомстволық мақсаттардың талаптарын өзің ішкі істер органдарында жұмыс істеуді таңдап алған адамның сенім, әдет, жеке қасиеттеріне, ептіліктер мен дағдыларына айналдыратын күрделі процесс. ПО қызметкерінің жеке тұлғасын қалыптастыруда оқу дайындығы мен кәсіби қызметтің маңызы зор, ол оның жеке тұлғалық қасиеттері мен кәсіби дағдыларына, жеке тұлға құрылымда бекіте отырып және дамыта отырып, талаптардың күрделі кешенін ұсынады.

Психикалық заңдылықтарды білу, белгілі психикалық әдістерді заң процессінде қолдану оған өзге адамдармен қарым-қатынас жасауға және реттеп отыруға, адам қылықтарын тереңірек түсінуге, объективті шындықты таңуға, оны дұрыс бағалауға және таным нәтижелерін Тәжірибелікде қолдануға мүмкіндік береді.

Осының барлығы полиция қызметкеріне, өзіне жүктелген қызметтерді максималды әсерлі және эмоционалды тепе-теңдікті жоғалтпай жүзеге асыру үшін қажет.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

ТАҚЫРЫП 7	ПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
------------------	---

Семинар – 1 сағат

Сұрақтар:

1. ПО қызметкерлері психологиялық дайындығының негізгі тапсырмалары
2. ПО қызметкерлері жеке тұлғасының психологиялық ерекшеліктері
3. Ерік және эмоциялы – ерікті тұрақтылық.

Тапсырма:

Семинарлық сабақтарға шығарылатын сұрақтарға дайындалу. Пән бойынша негізгі әдебиеттерге дайындалу.

Әдістемелік ұсыныстар:

Өзіндік дайындық кезінде алған білімдерін бекіту. Кәсіби қызметтің әсерлілігімен шарттанатын жеке қасиеттерінің ерекшеліктері мен мазмұнын түсіндіру, осы қызметке психологиялық талдау жасау, оның арнайы ерекшеліктерін анықтау, оның құрылымын ашу. Кәсіби қызметтің заңдылықтарын түсіндіру оны тек оқып қана қоймай, сонымен қатар жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушы шараларды жасауға мүмкіндік береді.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

ТАҚЫРЫП 7	ПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
------------------	---

Тәжірибелік –3 сағат

№7 тақырып бойынша тәжірибелік сабақтарды академияның ТЖБ психологының қатысуымен немесе тәжірибеші-психологтың қатысуымен психологиялық бейімделу кабинетінде жүргізу.

Ұсынылған әдебиеттен, сондай-ақ ғаламтор дереккөздерінен конспектілеу:

1. ПО қызметкері жеке тұлғасыпсихологиясының негіздері
2. ПО қызметкері жеке тұлғасының моральді-психологиялық ерекшеліктері
3. ПО қызметкерлерінің қабілеттіліктері
4. ПО қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық дайындығы
5. Рефераттарды қорғау
6. Тәжірибелік жаттығуларды орындау

ТАҚЫРЫП 7	ПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
------------------	---

КОӨЖ – 2 сағат

Тапсырма:

Келесі сұрақтарға жауап беру:

1. ПО қызметі жеке тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттері, қызмет түріне қарай?
2. ПО қызметкерінің моральді-психологиялық тұрақтылығының факторлары?
3. Іскери өзара әрекеттестік әсерлігін жақсартатын коммуникативті қасиеттер?
4. Жеке тұлғаның ерікті қасиеттерін қалыптастыру
5. Жеке тұлғаның бағдарлы құндылықтары

Өткізу нысаны - жазбаша

Әдістемелік ұсыныстар:

Осы тапсырма шегінде ПО қызметкері жеке тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау, моральді-психологиялық тұрақтылығы, сондай-ақ ПО қызметкерінің кәсіби шеберлігін және пән бойынша әдебиетке жүгіне отырып оның психологиялық құрамдарын анықтау.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

ТАҚЫРЫП 7	ПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
------------------	---

КОӨЖ – 7 сағат

Тапсырма:

Курсант өзіндік дайындалу барысында білуі қажет:

- осы тақырып бойынша негізгі әдебиетті;
- №1 әдебиеттер тізімінде көрсетілгеннен қысқаша конспект жазу (7,10,13,16,17 тараулар);
- семинарлық сабаққа және КОӨЖ дайындалуы;

- тақырыптарға реферат дайындауы:

1. Кәсіби-психологиялық тренинг және оның ІО қызметкерлерін кәсіби даярлаудағы рөлі.

2. ІО қызметкерлерінің эмоционалды жағымсыз жағдайлары және оның алдын алу мен жеңу.

Тақырыптар бойынша ұсынылған әдебиеттер: 3,6,10,13,15,32

Жұмысты орындау, рефератты, курстық және бақылау жұмыстарын рәсімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулар

Реферат жазу бойынша бойынша әдістемелік нұсқаулар.

Курсанттың жеке жұмысының міндетті элементі болып пәннің бір тақырыбы бойынша жазбаша түрде рефератты ұсыну болып табылады.

Курсант өз бетінше бір цикл бойы «Жеке тұлға психологиясы» пәні бойынша реферат тапсыруы керек, ол оны семестр кезінде ұсынуға және қорғауға міндетті. Рефераттардың тақырыптамалары курсанттарға семестрдің бірінші аптасында беріледі.

Курсанттың білімін сәйкесінше таңдалған «Жеке тұлға психологиясы» пәнінің тақырыбы бойынша жүйелендіру, тереңдету және бекіту мақсаты болып табылады, сондай-ақ курсант өз бетінше теориялық мәселелерді қоюы, оларды талдауы, еркін мазмұндап, негіздеуі қажет.

Оқытудың осы нысанының ерекшелігі мен құндылығы курсант өз бетінше алынған білімді жүйелендіре алатын, қандайда бір мәселені қиысынды, шығармашылықты және сын көзбен жазатын зерттеуші ретінде өзін-өзі бекіту мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Осылайша, рефератпен жұмыс, жаңа алған ақпаратпен шектеліп қана қоймай, ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді, бұл оқыту процессін ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жақындатады.

Рефератты жазудағы жалпы сұрақтар.

Тыңдаушыға рефераттың нақты тақырыбы жеке жұмыс түрінде хабарланады немесе оқытушымен келісе отырып тандаулы тақырыптар арасынан таңдалынып алынады.

Бірақ түпкілікті құрастырылған тақырып, әрине, философияны оқыту кезіндегі оқылған алуан түрлі мәселелерді қамтып кете алмайды. Рефераттың тақырыбын курсант өзі ұсынуына да болады. Мұндай жағдайда оқытушы көкейкесті мәселені анықтауға көмектесуі керек, зерттеудің тақырыбы мен тапсырмасын қалыптастыруы, қажетті қарастыру аспектісін көрсетуі керек.

Реферат тақырыбын бірнеше курсанттардың қайталауына жол берілмейді.

Семинарлық сабақта қорғалған, оны талқылау мен дискуссиялауға айналдырып өткізген пайдалы.

Рефераттарды жазуға келесі талаптар қойылады:

1. рәсімдеу бойынша: қорғауға титулдық беті бар, жұмыс жоспары, қолданылған әдебиеттер тізімі, қосымшалары(қажет болған жағдайда) бар рефераттар жіберіледі. Рефераттың барлық беттері нөмірленген болуы керек.

2. рефераттың мазмұны бойынша міндетті түрде көкейкесті мәселе, зерттеу тақырыбының мақсаттары мен тапсырмалары көрсетілуі, білікті талдануы, реферат тақырыбына байланысты мәселелерді қарастыруы қажет.

Жазылғаннан кейін рефератты курсант сабақ кезінде қорғайды. Қорғағаннан және жағымды баға алған соң міндетті түрде кафедраның мұрағатына тапсырылады.

Жағымсыз баға алынғанда реферат қайта өңделуге беріледі немесе рефераттың жаңа тақырыбы беріледі.

Рефераттың мазмұны мен құрылымы.

Реферат стандартты форматта 10-15 жалпы бет көлемінде, қолмен жазылған немесе машинамен басылған мәтін түрінде ұсынылады.

Рефераттың келесі құрылымы ұсынылады:

Кіріспе – 1-2 бет.

Кіріспеде курсант жұмыстың мақсатын анықтайды, қарастырылатын тақырыптың маңыздылығы мен көкейкестілігін дәлелдейді, сондай-ақ негізгі сұрақтар нақты қалыптастырылуы тиіс, реферат тақырыбында өңделген аспектілердің барын көрсету қажет.

1 бөлім – 5-6 бет.

Бірінші бөлім кіріспенің жалғасы болып табылады. Онда сұрақтың қысқаша тарихы беріледі, жалпы жағдайлардың мәні ашылады, кейінгі авторды талқылаулары соны тірек етеді, зерттелуші тақырыптың түрлі аспектілері негізделеді.

2 бөлім – 5-6 бет.

Екінші бөлім автор оқыған материалға сәйкес тақырыптың маңмұнын талдауға арналады. Бұл рефератта мәселенің қазіргі жағдайы нақты көрсетілгендігі өте маңызды. Курсанттың жұмысы, тандаулы тақырыпты өзі мамандандырылып отырған бағдармен байланыстыра алса өте әсерлі болады.

Қорытынды – 2 бет.

Қорытындыда негізгі нәтижелер қысқаша келтіріледі, онда автор өзінің талдауына қысқаша қорытынды жасайды. Қорытындыда қарастылатын мәселелердің келешектегі дамуы көрсетіледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Қолданылған әдебиеттер тізіміне соңғы жылдардағы қажетті басылымдар, оқу және анықтамалық әдебиеттер, ғылыми монографиялар енгізілуі қажет. Рефератқа ұсынылатын әдебиеттер тізімі ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сәйкес болуы қажет.

Тексеру кезінде басты назар рефератты тақырыбының толық және терең ашылуына, талқылаулардың негізділігіне, қисындылығы мен бірізділігіне аударылу қажет.

Арнайы терминологияны қисынсыз қолдана беруге, нақты ғылымның жеке сұрақтарын жазуға және мәтінді артық жүктемелей беруге болмайды.

3.10. Пәнді оқу бойынша әдістемелік нұсқаулар.

Кәсіби дайындық процесінде жеке тұлға түсінігі түрлі психологиялық пәндерді оқуда көптеп қолданылды. Бұл түсінік алғаш рет «Жеке тұлға психологиясы» пәнінде түбегейлі талқыланады. Жеке тұлға деп алуан түрлі әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктері бар адамды, қоғамдық әрекеттер мен қоғамдық қатынастардың субъектісін айтамыз. Тұрақтылық, бірлік және белсенділік жеке тұлғаның негізгі параметрлері болып есептеледі.

Бұл пәнді тереңірек меңгеру үшін өзіндік дайындалу процесі кезінде қолданылатын бірнеше кеңестер береміз, олар тақырыптарды оқудың бірізділігін анықтауға және бағдарлануға көмегін тигізеді.

Жоғарыда айтылғандай, 2 курсқа «Жеке тұлға психологиясы» пәнін жеке теориялық пән ретінде бөлу жеке тұлға психологиясы бойынша білімді тереңдету, кеңейту және интеграциялау қажеттілігімен шарттанған. «Жеке тұлға психологиясы» пәнін оқудағы жеке тұлға психологиясы мәселелері бойынша ақпараттар көптеген сұрақтарда тану, жақсы хабардар болу иллюзиясын жасайды.

Сондықтан семинарлық сабақтарға дайындаларда білімді тереңдету үшін үлкен екіпін бастапқы дереккөздерді оқуға, яғни отандық және шетелдік жеке тұлға теоретиктерінің кітаптары мен мақалаларын оқуға жасалады. Жеке тұлға психологиясы мәселелерін зерттеудегі жеке көзқарас көптеген рефераттардың тақырыптарында жазылған.

Білім алу үнемі бақылаумен ұласып тұруы керек. Тексерудің сенімді түрі – рефераттар жазу, онда тек маңызды теориялық сұрақтар ғана емес, сондай-ақ құқықты қорғау қызметінің мәселелері де қозғалады. Конспектілеу, тапсырмаларды орындау, семинарларда қысқаша жауаптарды жазуды ұсынамыз.

3.11. Тәжірибелік жұмыстарды, курстық жұмыстарды және т.б. орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар

Мамандық бойынша оқу жұмыс жоспарымен қарастырылмаған.

Курсанттардың білімдерін бағалау өлшемдері

Курсанттардың білімін бағалау ағымды, рейтингті және қорытынды бақылау түрлерінің нәтижесінде, семестр бойы пайыздық мазмұнда бағаланады. Ағымды бақылау – курсанттардың білімін жүйелі тексеру тақырыптар бойынша жеке сұрақтарды тексеру, семинарлық сабақтар және КОӨЖ ауызша және тестілік сұрау шегінде, КӨЖ мен КОӨЖ бойынша тапсырмаларды орындауын бағалауда жүзеге асырылады.

Рейтингті бақылау – аяқталған тақырыптар, коллоквиумдер және тестілік сұрау бағдарламалардың бөлімдері бойынша курсанттардың оқу жетістіктерін тексеру.

Рейтингті бақылауға барлық тапсырмаларды орындаған және ағымды бақылаудың барлық формалары бойынша жағымды баға алған курсанттар жіберіледі.

Семестрлік рейтинг ағымды және рейтингті бақылаулар соммасы бойынша анықталады және 60%-ды құрайды.

Семестр бойы екі аттестация жүргізіледі.

Қорытынды бақылау (емтихан) пән бойынша компьютерлік тестілеу формасында жүргізіледі. Курсант максималды түрде емтихан үшін 40% жинауы қажет.

Пән бойынша қорытынды баға курсанттардың емтиханда алған семестрлік рейтинг баллдары және баллдар соммасы бойынша қойылады.

Баға қоюдың саясаты

Бірінші рейтингті бақылау (РК 1), қорытынды бойынша 7 аптада 1-7 аптада жүргізіледі. Үлгерім көрсеткіші (%) ҚР 1 КӨЖ орындау бойынша ағымды үлгерім көрсеткішін, аудиториядағы және тестілеу түріндегі рейтингтік бақылауы бойынша үлгерім көрсеткішін ендіреді. Екінші рубежды бақылау (ҚР II), 8-15 апта қорытындысы бойынша 15 аптада жүргізіледі. ҚР II бойынша қорытынды үлгерім көрсеткіші ҚР I аналогиясы бойынша анықталады. Максималды үлгерім көрсеткіші әр рейтингтік бақылауда 30 % тең.

Курсанттардың білімі, ептіліктері мен дағдылары келесі жүйе бойынша жүзеге асырылады:

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Баллдардың сандық эквиваленті	% мағынасы	Әдеттегі жүйе бойынша баға
А сандық эквиваленті	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-89	
C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

3.14. Құрастырғандар: педагогика және басқару теориясы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м., полиция майоры Рахметуллаев А.Б.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау институты
Педагогика және басқару теориясы кафедрасы**

Жеке тұлғаның психологиясы
пәні бойынша дәріс тезистері
«5В030300 – құқық қорғау қызметі»
мамандығы бойынша

Дәріс тақырыбы:
Психология ғылым ретінде

Дәрісті дайындаған:
Кафедраның аға оқытушысы,
полиция майоры
А.Б.Рахметуллаев

Кафедра отырысында талқыланды және мақұлданды
2016 жылғы « » _____ № _____ хаттама.

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ТАҚЫРЫП 1 Психология ғылым ретінде Дәріс – 1 сағат

Жоспар:

1. Психология ғылым ретінде.
2. Психология пәні және тапсырмалары.
3. Психология әдістері

Дәріс тезистері

Психология ерте замандардан келе жатқан білім салаларының бірі. (Аристотель - грек философы) жан туралы ғылыми еңбек жазған. Психика – (сана) – дегеніміз – діннің даму сатысында жоғары дәрежеге жеткен материяның сипаты. Бірақ барлық материяда сипат бола бермейді.

Әрбір ғылымның өзіне тән зерттеу объектісі болады. Психология ғылымы зерттейін объектіні бірден түсіну қиын, әрі ол – күрделі мәселе. Өйткені, психикалық құбылыстар зерттеуші адамның дүниетанымдық көзқарасына байланысты. Психологияның зерттейтін объектісі тіршілік пен өмірдің басқа құбылыстарынан ерекше. Заттар мен құбылыстар туралы адамның елесі, қабылдауы, тілегі сол заттардың өзінен ерекше болып жасалады. Сөйтіп, бірте-бірте олар адамның психикасы болып саналады. Оған психикалық әрекеттер, қасиеттер, процестер, күйлер тағы басқалар жатады. Мұндай процестер көзге көрінбейді. Сонымен бірге олар сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардан да ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер адамның ішкі жан дүниесіне тән.

Алайда, психология ғылымы ерте замандардан келе жатқан білім салаларының бірі, оның дүниеге келген ең алғашқы жері ежелгі Греция. Гректің екі сөзінен тұрады. «псюхе – жан», «логос- сөз, ілім», яғни жан туралы ілім деген мағына береді. Алайда мұны психика туралы ғылым деп түсінген дұрыс.

Психологияның негізгі даму кезеңдеріне сәйкес оған берілген анықтамаларды қарастырайық.

1-кезең– психология жан жөніндегі ғылым. Психологияға мұндай анықтама бұдан екі мың жылдай бұрын берілген. Ежелгі адамзат жанбар деген ұғыммен өзіне түсініксіз барша өмір құбылыстарын дәйектеуге тырысқан.

II-кезең– психология сана жөніндегі ғылым. XVII-ғасырда жаратылыстану ғылымдарының өркендеуімен пайда болды. Адам өзінің ойлау, сезу және ниеттену қабілеттерін сана категориясымен баламаластырған. Ал сананы зерттеудің негізгі әдісі адамның өзін өзі бақылап (интроспекция), одан алған деректерін баяндау болған.

III-кезең – психология әрекет-қылық жөніндегі ғылым. XX ғасырда пайда болды. Психология бұл кезеңде өз міндетіне эксперимент жасап, тікелей нақты көруге мүмкін болғандарды ғана, яғни адамның мінез әрекеттерін, қылық-қимылдарын, сыртқы әсерге жауап қозғалыстарын зерттеуге алды, бірақ оларға себепші болған мотивтерді ескеруді қажет деп білмеді.

IV-кезең – психология шынайы заңдылықтарды, психика көріністері мен тетіктерін зерттеуші ғылым ретінде танылды.

Психология - психиканың дамуы мен әрекетке келуі және оның көрінісінің жеке-дара типологиялық ерекшеліктері жөніндегі, сонымен бірге адамның қоршаған ортамен өзара ықпалдасты байланыстарының жалпы заңдылықтары туралы ғылым.

Психология ерте уақыттан келе жатқан ғылымдардың бірі болғанымен, адамның күнделікті қажетін өтеуге пайдасы өте аз тиіп келді. Өйткені, сол кездегі көпшілік зерттеулердің философиялық негізі ғылыми жағынан дәйексіз болды да өмірден алшақ мәселелерді сөз етті. Психологияда шын мәнісіндегі ғылыми-зерттеулер тек үстіміздегі ғасырда ғана көріне бастады.

Психикаға тітіркенушілік – тірі материядан тітіркенгіз материя сезгіштік пайда болады. Осы сезгіштіктің тууына байланысты организм сырттан әсер еткен заттардың жеке сипаттарын бейнелеу сатысына жетеді.

Психика мен мидың арасындағы қатынас проблемасын шешкенде олардың арасындағы байланысы мен айырмашылығын естен шығармау керек.

Сонымен, психология – психикалық құбылыстардың пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтары туралы ғылым.

Ол құбылыстарды жүйелі түрде топтастырып, болмыс пен фактілерді салыстыра отырып зерттейді. Қабылдау, ес, ойлау, ерік, сезім деп аталатын тағы басқа психикалық процестер адамның ішкі дүниесі мен бейнелену қасиетінің, күллі жан дүниесінің тіршілігі немесе оның сыры деп аталады. Осы орайда, біз психологияның жантану жайындағы ғылым екеніне көз жеткіземіз. Психологияның осындай анықтамасына қосымша ретінде оның үш түрлі ерекшелігі бар.

Бірінші ерекшелігі- психология адам тану жайындағы ғылымдар арасында жетекші орынға ие. Мұндай ерекшелік қазіргі кезде қарқынды дамып отырған ғылыми пәннің өресі мен алдына қойған мақсат-мүддесімен байланысты.

Екінші ерекшелігі – адамның психологиялық дара өзгешіліктерін, психикалық процестердің анық – қанығын айқындау үшін ХІХ ғасырдың орта кезеңінен бергі тәжірибиелік зерттеулердің кеңінен қолданылуы. Осы ретте психология эксперименттік ғылым деп аталады.

Үшінші ерекшелігі – психологияны өзге сабақтас ғылыми пәндерден ерекшелеп тұратын жайт– бұл пәннің өзіндіктігі. Пәннің өзіндіктігі адам жан дүниесінің сырларын зерттеуде ең алдымен оның заңдылықтарын жете білуді, әрбір адамның жеке басына тән ерекшеліктері мен сыр-сипаттарын даралап іздестіруді қажет етеді. Әрбір адам - өзінше бір дара дүние. Оның жан сарайына үңіліп, жүрек сырына терең бойлау, ондағы құпия жайттарды ұғыну- пән өзіндіктігінің бір қыры.

Жалпы психология – психика дамуының жалпы заңдылықтарын, оны зерттеу әдістерін, теориялық принциптерін және оның ғылыми ұғымдарының қалыптасу жүйесін зерттейді. Басқаша айтқанда, бұл ғылым – теориялық және эксперименттік психология деп те аталады.

Жалпы психология – адамның танымы мен Тәжірибелікліклік іс-әрекеттерін, түйсіну мен қабылдауын, ес пен қабылдауын, ойлау мен сөйлеуін, ерік-жігері мен сезім күйлерін, адамның өзін-өзі меңгеруінің жалпы заңдылықтарын қарастырады. Адамның жеке басындағы өзіндік психологиялық ерекшеліктері болып табылатын мінезі мен темпераментін, мінезіндегі жетекші ниет-тілектерді, қабілеті мен өнерді таңдай білуін т.б. ерекшеліктерін зерттейді.

Психологияның мақсат-міндеттері.

Психология адам жан дүниесінің әр түрлі қыры мен сырын зерттейтін пән болғандықтан, ол жан құбылыстарын ғылыми тұрғыдан жете түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай түсінік адамның іс-әрекеттері мен жасампаздығын өрістетіп отыруға жетелейді. Психология ғылымының рөлі өскелең буынға тәлім-тәрбие беру ісінде айқын көрінеді. Психологиялық таным процестері-

түйсік-қабылдау, ойлау және сөйлеудің даму заңдылықтары-оқыту теориясындағы дидактиканы құруға, тәлім-істерінің мазмұны мен ауқымын анықтауға, оқыту-әдістерін ғылыми негізде ұйымдастыруға, оқу құралдарын жасауға қажет болатын ғылыми тірек.

Адамның жеке басына тән психологиялық қасиеттердің бәрі - оқу-тәрбие арқылы, тіршілік ортасы мен қоғамдық жағдайға байланысты дамып, қалыптасып отыратын айқын ақиқат. Осы орайда, адамның жан дүниесінің қыры-сырын жандандыру, оның жеке басының қасиеттері мен сипаттарын жетілдіру, ұстаздар мен тәрбиешілердің таным процестері мен психологиялық заңдылықтарды жете білуі шәкірттерге тәлім-тәрбие беру жұмысын жеңілдетеді.

Ал, енді психологияға табиғи және қоғамдық пән ретінде тоқталсақ:

Кез –келген ғылымның тұрмыстық, яғни адамның эмпирикалық тәжірбиесі бар. Мысалы: физика – күнделікті тұрмыстағы қимыл-қозғалыстарды, денені, жарықты, жылуды зерттейді, математика-сан, формула, теңеулер, амалдар сияқты ұғымдарды қарастырады. Ал психология ғылымы басқаша. Бізде *тұрмыстық, психологиялық* білімі бар. Педагог, дәрігер, әртүрлі маман иелері адамдармен қарым-қатынаста болады. Кез келген адам қарым –қатынасқа түсе алады. Онда белгілі бір психологиялық білім бар. Адамдар бір бірін түсінеді, әсер етеді, көмектеседі, бір бірінің жеке ерекшеліктерін ескереді.

Тұрмыстық психология білімі ғылыми білімнен қалай ерекшеленеді?

Оның бес ерекшелігі бар:

7. Тұрмыстық психологиялық білім **нақты** болып табылады. Ол нақты ситуацияларға, адамадарға, міндеттерге байланысты. Бала анасымен, әкесімен, әжесімен, атасымен өзін әр қалыпты ұстайды.

8. Ол мақсатына жету үшін өзін қалай ұстауды біледі. Ал, ғылыми психология жалпылауға талпынады. Ол үшін ғылыми түсініктерді қолданады. Ғылыми түсініктерде заттар мен құбылыстардың қасиеттері, байланыстары, қатынастары көрсетіледі. Ғылыми түсініктер нақты түрде анықталады. Бір бірімен қатынасқа түседі, белгілі бір заңға сүйенеді.

Адамды біз тұрмыстық терминнен қасиеті, мінезі, әдеттері, адамдармен қарым-қатынасы арқылы сипаттай аламыз. Ал ғылыми психология жеке адамның даму заңдылықтарымен жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми түсініктерді іздейді. Ғылыми психология түсінігінің бір ерекшелігі олар тұрмыстық сөздер секілді айтылады. Бірақ оның мазмұны әртүрлі. Тұрмыстық терминдер көп мағыналы болып келеді.

9. Тұрмыстық, психологиялық білімдер сезімдік сипатта болады.

10. Тұрмыстық психологиялық білімді беру тәсілдері бойынша ерекшеленді. Мұндай білімдер ғылыми әдебиеттерде болады, вербальды құралдар арқылы беріледі. Яғни сөйлеу және тіл арқылы.

11. Тұрмыстық және ғылыми психологиядағы білім әдістерге байланысты ерекшеленеді. Тұрмыстық психологияда бақылаулар мен ой-түйінділерне шектелеміз. Ал ғылыми психологияда бұл әдістерге эксперимент әдісі қосылады. Эксперимент әдісінде зерттеуші қажетті үш жағдайды тудырып, құбылысты өзі іздеп табады, одан кейін бұл жағдайды өзі реттеп, құбылыс бағынып тұрған заңдылықтарды зерттейді. ал психологияға эксперимент әдісін енгізу оның жеке ғылым болып дамуына негіз болды.

12. Ғылыми психологияның материалдары өте көп. Бұл материалдар психологияның арнаулы саласында да жас ерекшелік, педагогикалық, патопсихология т.б.бар. Әрине, бұл салалар өзінің зерттеу міндеттерін шешіп қана қоймай, жаңа құбылыстармен де кездеседі. Сонымен, ғылыми психология

- тұрмыстық психологиялық білімге сүйнеді;
- одан өз міндетін алады;
- тұрмыстық психология мәліметтермен тексеріледі;

Психология ғылымының **негізгі міндеті** психикалық іс-әрекет заңдарын даму барсында зерттеп тану.(1).

Осы заңдар ақылы объектив дүниенің адам миында қалай бейнелентіні, осыған орай оның әрекеттері қалай реттелетіні, психикалық қызметтің дамуы

мен жеке адамның психикалық қасиеттері қалай қалыптасқаны айқындалады. (2). Психикалық құбылыстардың адам өмірі мен әрекетінің объектив жағдайларына тәуелді заңдылықтарын аша отырып, психология осы әсерлердің мидағы бейнелену механизмдерін де айқындайды. (3). Адам мен жануар санасының жалпы заңдарын ашып көрсету.

2. Психологияның салалары. Қазіргі кезде психология ғылымы – көптеген салалар мен тармақтарға бөлініп, ілгері дамып отырған өрісі кең ғылыми пән. Бұл салалар мен тармақтардың дамуы мен қалыптасуы жағынан адамның түрлі тәжірбиелік іс-әрекеттерін қамтитын әр қилы сатыда тұр. Енді, оларды топтастырып, былай жіктеуге (классификациялауға) болады.

Психология ғылымының салалары

Жалпы психология- қалыпты ересек адамның психикалық қызметінің неғұрлым жалпы заңдылықтарын зерттейді.

